

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Адам және әдебиет





Мақсаты: әдебиеттегі адам мәселесін ашып беру, көркем мәтіндегі адам тұлғасының ашылу ерекшеліктеріне тоқталу.

Кілт сөздер: адам, мәтін, әдебиет, өмір, тұлға.

Бүгінгі дәрісімізде адам ұғымы мен әдебиеттің қарым-қатынасы жөнінде сөз етеміз. Әдебиет пен өнердегі адам ұғымының пайда болып, оның әртүрлі мәнде қолданылуы, сол арқылы көркем өнерге арқау болуы мәселесі бүгінгі дәрісімізде қамтылады.

Жаңа материалистік әдебиет теориясы гуманистік иллюзияға салына отырып, адамдар айналада болып жатқан материалдық процесте ерекшеленетін тіршілік иесі дегенді алға тартып, тек коректену мен көбеюден басқа нәрсені білмейтін төменгі сатыдағы санасыз тіршілік иелерінен айрықша екенін айтады. Мұндай иллюзияға сәйкес, адам баласы материалдық әлемді прогрессивті жолмен түрлендіреді, жоқ нәрседен, тақыр жерден өркениеттерді тұрғызады. Біз оларды тұтынып, қажетімізге жаратып қана қоймаймыз, бүкіл өміріміз солармен бірге өтеді. Ғылым мен технологияны пайдалана отырып, біз өзіміздің танымдық қабілет-қарымымызды жетілдірдік әрі оны адам дамуы үшін кәдеге жаратып, әлемді бағындыра алдық. Алтынның жеке тұрғанда мәні жоқ, бірақ ол адам өміріне енген кезде құр тас емес, пайдалы құндылық белгісіне айналады, яғни мәнсіз бір минерал адамның араласуымен инерттік дүниеден өте құнды дүниеге айналып шыға келді. Дәл осы көзқарасты гуманистік иллюзия әдебиетке де қолданып былай дейді: біз тілдің физикалық мүмкіндігін, оның көркемдік құралдарын идеяға айналдыру үшін қиялымызды пайдаланамыз. Осы әрекетеміз арқылы әлемнен дараланып, басқалардан бізді ерекшелеп тұрған ойлаудың жоғарғы деңгейдегі түріне қатысамыз. Сонымен бірге, өз еркіндігімізді нақтылай отырып, басымдығымыз бен үстемдігімізді паш етеміз. Жай материалдық әлемнен жоғары тұрған адами субъект ретінде бізге айналамыздағы барлық экологиялық шектеулерді алып тастап, әрекет етуге мүмкіндік берілген. Біз оларды басқарамыз әрі ерекше ықпал ете аламыз. Тіпті біздің билігіміз биосфераның барлық бөлігіне жүреді. Бәрі бізге бас иіп, мойынсұнады. Осы тұрғыдан алғанда, жер бетінде жалғыз біз ғана азатпыз. Біз ғана соқыр және автоматты түрде жүретін материалды процесс әлемінен бөлініп, олардың еркімен жүріп тұрмаймыз.

Гуманистік идея Қайта Өрлеу дәуірінде христиан діни мифологиясына балама ретінде пайда болды. Қайта Өрлеу дәуіріне дейін мыңдаған жылдар бойы Батыс Еуропа саяси өмірінде үстемдік еткен және адамның діни құқық ережелері мен шіркеу қағидаларына мойынсұнуын талап еткен Рим Католик шіркеуінің догматизмімен салыстырғанда, гуманизм прогрессивті, материалистік және сыни көзқарас ұстанды. Ол ғылыми ойлаудың маңызын атап көрсетті және адамның мызғымас әрі өзгермейтін мифтік рухани салаға көзқарасын емес, жердегі қазіргі адам өміріне назар аударды. Ол ұжымдық бағынуды жекелей дамумен ауыстырған Протестантизм атты Христиан дінінің жаңа ағымының негізін қалады. Гуманизмге сәйкес, адам өмірі философияның, өнер мен әдебиеттің басты арқауына айналуы тиіс. Гуманизмді желеу еткен ғылым адам өзі танитын әлемнен бөлек деген байлам жасады. «Картезиан» дуализмінде (алғаш осы идеяны жариялаған Рене Декарт немесе «Картезиустан» кейін) білім ақыл мен материя бөлек деген әлемдегі объектілерді адамның талдауын қамтыды. Гуманизм сыншылары адамның осылай дүниедегі объектілерден бөлінуін заманауи әлемнің басқа да мынадай жобаларымен салыстырады. Олар – табиғаттың адам технологиясына мойынсұнуы, Еуропалық емес халықтардың отарлануы, капитализм кезінде өмірдің пайда есебіне бағынуы және адамның жерді игілігіне жарату үшін алапат қанды қасапқа айналдыруы. Мұндай сыни көзқараста объективистік ғылыми және философиялық эпистемология түбегейлі этикаға жат көрінді. Ол адам баласын өзі жауапты болуы тиіс болған басқа мақұлықтардан, өзі соның бір бөлшегі болуы тиіс болған материалдық әлемнен байланысын үзіп қояды.

Көп жағдайда «либерал» сөзі гуманизммен байланыстырылып жатады. «Либерал» сөзі ой еркіндігі мен барлық білімге ашық болуды білдіреді. «Либералдық өнер» сөзі көп жағдайда адамға қоғамның саяси өміріне толыққанды араласуға, догмалық сенімдерге қатып қалмауға, сондай-ақ, адамға еркіндігі мен ойының ашықтығына ықпал ететін салалардан хабардар болуға жол ашатын философия, тарих, әдебиет пен өнер секілді білім түрлерінен тұрады. Бұл тұрғыдан «либерал» сөзі гуманизмнің ғылыми және анти-догмалық рухын бойында ұштастыра көрсетеді. «Либерал» сөзі



сондай-ақ, тұлғаның азаттығын, оның еркін ойлауын, еркін әрекет етуін және өз еркіндегі ниетті ұстануын баса назарда ұстайды. Бұл мән гуманизмнің саяси және діни авторитаризмді сынауын көрсетеді. Еркін саяси және экономикалық тұлға қағидасы Картезиан эпистемологиясында бірге жүретін субъектінің объектіден бөліну тұжырымы ретінде қарастырылуы мүмкін. Білім субъектісі шіркеу билігіне бағынғаннан гөрі, ғылыми сараптау арқылы өзінің төл идеяларына қол жеткізгені жөн болады. XVI ғасырға қарай Англия мен Нидерланды сияқты елдерде Рим Католик шіркеуі билігі әлсірегеннен кейін азаттық қағидасы адамның монархиялық мемлекетке қарсы құқығын, саяси түсініктегі еркін таңдау тәжірибесін және алғашқыда мемлекеттік монополияға қарсы пайда болған капитализм кезіндегі еркін нарықтық экономика идеалын мақұлдау үшін қолданылды. XVIII ғасыр соңына қарай азаттық идеясы «республикалық» (немесе халықтық-демократиялық) құндылықтармен және саяси қозғалыстармен байланыстырылады. Бірақ он тоғызыншы ғасырда социализмнің капитализмге тең балама ретінде өркендеуімен гуманистік азаттық идеалының мәні ауысты. Ол «еркіндікті» теңсіздікті ақтау тәсілі ретінде көрген саяси аумақтың консервативті жағын ұстанғандардың идеологиялық қаруына айналды. Бұл мәнінде адам еркінің «еркін» жүзеге асуының нәтижесі ретінде бейнеленді. «Адамның» пайда болуымен кейбіреулер адамдық норма аясынан шығып кеткендей сезім де қоса дамыды. Олардың кейбіреуі әлдеқайда сәйкес, әлдеқайда үйлесімді, әлдеқайда қабілетті, әлдеқайда ізгі, әлдеқайда текті және нәтижесінде барынша адами қасиетке ие.

Ғылым өзінің объективті сарынында әдетте ахлақи құндылықтармен өрбіген саулық пен сырқат стандарттарын белгілеп, дағдылы қағидаға кереғар түсініктерді қудалауға көмектесті. Кейінгі Орта ғасырдағы Франсуа Рабленің мысқыл-гротеск жанрындағы табысы Эдмунд Спенсердің «Перілер ханшайымындағы» сиықсыз келбет арқылы ахлақи кемшілік сипатына жол берді.

Міскін адамға жұрт әрқашан мүсіркей қарайды. Ал Ф. Скотт Фицджеральд сауық кешіндегі қаптаған кемшін жандарға жанашыр сезімін жайып салады. Бірақ ол қоғамнан аласталып, жәбір көрген еврей Мейер Вольфсхеймді сипаттағанда, үйреншікті қағиданы сынайды. Бұл бір кезде «Ақ англосакс протестанты» деп аталатын дағдылы «ақнәсілді» қоғамы үшін адамға жат немесе жарамсыз қасиет ретінде танылған. Вольфсхейм сөйлегенде «байланыс» деудің орнына «пайланыс» дейді, яғни оның тілінің мүкісі бар екенін байқаймыз. Фицджеральд әсіресе Том Бьюкененді бейнелеген кезде норма/ақаулы құндылықтар жүйесін күйретеді. Ол скандинав тегінің көрнекті өкілі. Және сөйлеген кезде де тілінің мүкісі байқалады. Романда мүгедектер күйі ортақ күйретуші сарында өрбиді. Пост-гуманистік теория либералды гуманизмді адамдарға табиғатқа зиян келтіріп, өз пайдаларына жаратуға жол ашқан идеология ретінде қарастырады. Адам құқығы қағидасы материалды эгоизмнің айласы ғана. Оның әсіресе «неолибералды» немесе нео-индивидуалистік еркін капитализм нарығында дәурені жүріп тұр. Мұнда адам жекеменшік құқықты қаншалықты құрметтейді және үркердей топтың баюына қалай болысады деген сұрақ қана маңызды. Сонымен бірге пост-гуманистік теория адамның сыртқы және ішкі ортадан бөлінуі мәселесін де зерделейді. Заманауи жаңа материализм теориясы адам мен әлемді бір-бірінен ажырағысыз қарау керек дегенді алға тартады. Ол Жиль Делез сынды философтардың еңбегіне сүйенеді. Делез адамдар материя тасқынына көмілген, ол адамның еркін билейді десе, Линн Маргулиес тәрізді ғалымдар адамға күрделі экожүйеде өмір сүретін көптеген тірі жандының бірі деп қарау керек дейді. Бұл жүйеде адамға қарағанда бактериялар әлдеқайда маңызды рөл атқарады. Біздің ойлау қабілетіміз мидағы бактерия тәрізді митохондрияның арқасында жетілді. Бізді жануарлардан даралап тұрған «сананың» тегі микробтан шығады. Олай болса, астамсуға себеп бар ма екен? Күрделілік қағидасы мына идеяны да растай түседі. Біз, адамдар өзімізді «ерік-жігері» бар, адам ретінде басымбыз дейтін гуманистік идея желісінде емес, материалды үрдістермен біте қайнасқан болмыс ретінде тануға ұмтылуымыз керек. Ол адамның әлеуетті немесе көрнекі күйін ұсақ бөлшектерді барынша үлкен, күрделі мақсатқа біріктіретін жаңа құбылысқа айналдырады. Біздің денеміз мығым емес, болбыр мүшелерден тұрады және біз қоршаған ортамен тату-тәтті байланыстың арқасында ғана біржасушалы жәндіктен күрделі ағзаға айналдық. Бұл өзгеріс бірқатар кезеңдерден өтуді талап етті. Адамзат өмірі болмашы күйден жоғары болмыс дәрежесіне жетуге жол ашқан қарым-қатынас желісі ретінде қарастырылуы тиіс.

Жалпы, адам мәселесі, оның болмыс-бітімі мен түр-тұлғасы, мінез-құлқы мен әрекет-қимылы – бәрі де ғылымда ежелгі кезеңдерден бастап-ақ қаузалып, қарастырылып келеді. Дегенмен адамның мәселесі, оның жоғарыда айтқан барлық ерекшеліктері ғылымда антропология деп



аталатын жеке ғылыми саланың дамуына жол ашты. Философия адамды біртұтас жүйе деп санайды. Ал енді көбінесе философиядан бастау алатын әдебиеттану ғылымындағы бірқанша ғылыми пәндердің бар екенін жақсы білесіздер. Соның бірі ретінде бүгінгі дәрісіміздің мәнін ашуға қызмет ететін әдебиеттанудағы антропологияны айтуға болады. Антропологиялық тұрғыдан ғылыми ізденістер жасаған ғалымдар адамзатқа әртүрлі баға бергені тағы белгілі. Бірі оны хайуанға теңесе, енді бірі Жаратқанның жердегі көлеңкесі дейді. Бірі биологиялық тұрғыдан баға берсе, енді бірі метафизикалық тұрғыдан түсіндіруге тырысады, яғни адам көптеген ғасырлар бойы өзінің жұмбақтығымен, сан түрлі құпияны өз ішінде бүккенімен ғылыми ізденістерге арқау болып келеді. Әлі де нақты байлам, соңғы тоқтам жоқ. Ал әдебиеттану осы мәселені барынша толымды етіп ашуға тырысады. Әдебиет туралы ғылымдағы антропология көркемдік әлемді тануды басты мақсат етіп қояды. Көркем антропологияның зерделейтін басты мәселелерінің қатарына қаламгердің ойы мен қиялы туғызған адам образының көркем мәтінде бейнеленуі, оларды оқырмандардың қабылдауы, түсінуі және баға беруі сынды мәселелер жатады. Рецептивті эстетикаға арналған дәрісімізде біз автор мен оқырман арасындағы байланысқа тоқталған болатынбыз. Оның өте күрделі мәселелерді қамтитынына куә болдыңыздар. Жазушы мен оқырман арасындағы осындай байланыстар да көркем антропологияның нысанына ілікпей қалмайды, яғни антропологтар үшін көркем мәтіндегі әрбір сөз, сөйлем, деталь мен концептке ерекше мән бере қарау маңызды. Оның бәрі де адам тұлғасын танытуға қызмет етеді. Адам тұлғасын образдар арқылы танимыз десек, оның өзін бірнеше мәнде түсінуге болады. Адам, сыртқы адам, ішкі адам, персонаж, образ, тұлға, субъект, қаһарман, тип, мінез-құлық, индивид, адам образы сияқты ұғымдардың мән-мағынасын нақтылау, мифологиялық бейне, фольклорлық бейне, образ-архетип, инварианттық бейне деп жіктелетін бейне түрлерінің сырына үңілу де антропологтар үшін маңызды. Автор, автор-жаратушы, автор-адам, автор-персонаж, автор бейнесі, бейтарап баяндаушы, автор ойыны, автордың шығармашылық әлемі сияқты терминдер негізінде автордың өзін-өзі бақылауы, өзгелерге зер салуы, қиял әлеміне қатынасы, түптұлғалар мен басқа мәтіндердің әсері, кездейсоқтық пен қажеттіліктің сана мен қиялға ықпалы, сыртқы және субъективтік факторлардың шығармашылыққа қысым жасауының себеп-салдары, авторлық сананың еркіндігі мен өзін-өзі сынауы тәріздес мәселелерді жеке-жеке немесе бірлікте қарастыру көп нәрсені айқындайтынын ғылыми негізде дәлелдеу де аталмыш бағыт үшін өте өзекті.

Психопозитика, психоанализ, автоцензура, невротикалық дискурс, автордың, мәтіннің, әдеби кезеңнің, персонаждың психоаналитикалық диагностикасы, шығармашылық невроз бен психоз, әлем тудырушылық, мәтін жасаушылық сияқты мәселелердің антропологиялық астарына үңілу де қазір жиі кездеседі.

«Портрет поэтикасына қатысты мәселелер (портрет түрлері, мимика, іс-әрекет, фон, киім-кешек) арқылы автор оқырманына жаңа ақпарат, белгі, сыр айтатынына да жіті назар аударудың маңыздылығы қуатталады. Сонымен қатар тән поэтикасы, ішкі және сыртқы дене, көркем анатомия, адам тәнінің, мүшелерінің образға айналуы, түрлі адами экспрессия көріністерінің себеп-салдарлары арқылы автор ойы мен идеясын бағалауға болады деген пікір бар. Бет, бейне, маска, бет пердесінің көркемдік шартты бейнеге айналуы, сезім, эмоция, құштарлық, құлшыныс, елігу, адамның 5 мүшесінің қызметі.

Адамның есалаң күйі, магиялық, мистикалық тәжірибесі адам санасының терең қатпарларын бейнелеуге ұмтылатын қазіргі модернистік әдебиетті зерттеуге осы әдіс оңтайлы болып отыр. Адами болмыстың қыр-сырын тексеруде көркем антропология эксизтенциализм мен герменевтиканың кейбір идеяларын өз мүдделеріне сәйкес пайдалануда. Кісі бойындағы ақылға бағына бермейтін тылсым күштерді түгендейтін ғылым бөтен, абсурд, бос, трансценденция деген ұғымдарға сүйенуде. Заттық тұрмыс пен шынайы тірлік қарсы қойылып, адам табиғатының шекараларын айқындауда сана мен түпсанаға, бейсаналық символдарға баса назар аудару да эксизтенциализмнен келген. Герменевтикадағы «түсіну антропологиясы» деген бағытты дамыту арқасында герменевтикалық антропология атты пән қалыптасты, оның басты идеясы – «түсіну – әлемді танудың әмбебап амалы». Мұның нәтижесінде Х. Гадамердің «түсіну – адамның барлық іс-әрекетінің негізі» деген пікірі жатқандай.

Адамның тұлғасын толық танып білу мүмкін емес. Ол – өте күрделі жүйе. Содан да, адамның болмысын ашып беруді мақсат еткен әдебиеттану ғылымындағы антропологиялық ізденістердің де күрделі екені түсінікті. Жалпы өнер атаулы адамның бүтін бітімін бейнелі түрде танытуды



көздесе, ғылым атаулы адам болмысын нақты категориялар аясында ашып беруге ұмтылады. Әдебиет те солай. Көркем шығармадағы әрбір деталь, әрбір бөлшек адам жанының терең қатпарларын қазбалауды мақсат еткен ұмтылыстардың жемісі. «Әдебиет – адамтану ғылымы» деген тәмсіл бекер айтылмаса керек. Әдебиеттің басты нысаны адам екенін осыдан да аңғаруға болады.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Гуманизм идеясын жақтаушылар адам туралы қандай тұжырымдар айтады?
2. «Либерал» сөзі қандай мағынаны білдіреді? Оның әдебиетке қатысы қанша?
3. Көркем шығарманы антропологиялық тұрғыдан талдаудың қандай артықшылығы бар?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Әдебиет танытқыш // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т.І: – 384 б.
2. Қабдолов Зейнолла. Сөз өнері: Оқулық-монография / Қабдолов Зейнолла. – Алматы: Санат, 2007. – 2007. – 360 б.
3. Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: “Таңбалы”, 2009. – 376 бет.
4. Нұрғали Р. Шығармалары. Т.4. 2-кітап: Сөз өнерінің эстетикасы: Монография / Нұрғали Рымғали. – Астана: Фолиант, 2013. – 216 б.